

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй,
“Министрліктер үйі” ғимараты, № 15 кіреберіс
тел. 8 (7172) 74 04 29, кеңсе 8 (7172) 74 12 62
e-mail: kense@msm.gov.kz

010000, город Астана,
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8
здание “Дом министерств”, подъезд № 15
тел. 8 (7172) 74 04 29, канцелярия 8 (7172) 74 12 62
e-mail: kense@msm.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
И. Сұңқар
М. Магеррамов
К. Сейітжан
И. Смирнова
Г. Танашева

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДЗ-190 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің Астана қаласы Жеңіс даңғылы, 33 мекенжайында орналасқан «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің мектеп-колледжі жөнінде сауалыңызға келесіні хабарлайды.

2021 жылға арналған республикалық бюджетті түзету шеңберінде республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) 2021 жылғы 10 қарашадағы №26 шешімімен Министрлікке ғимараттың эстетикалық көрінісін сақтау қажеттілігіне байланысты «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Шабыт» Шығармашылық үйін (бұдан әрі – «Шабыт» ШҮ) ағымдағы жөндеуге 28,0 млн. теңге сомасына шығыстар қолдау тапты. Алайда, бұл шығыстар басқа мақсаттарға қайта бөлінген.

2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде 2022 жылғы 5 сәуірдегі №6 РБК шешімімен «Шабыт» ШҮ ағымдағы жөндеуге 28,0 млн.теңге сомасында қайта қарастырылған.

Сонымен қатар, 2022 жылға «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің мектеп-колледжінің корпустарына ағымдағы жөндеу жүргізуге 86, 830 мың теңге қаражат бөлінген. Оның ішінде, Жеңіс даңғылы 33 мекенжайы бойынша орналасқан №2 корпусқа 32, 748 мың теңге, № 3 корпусқа 13, 309 мың теңге (№2, 3 корпуста

әрлеу жұмыстары жүргізу үшін: терезе ойықтары, төбе және қабырғаларды бояу, еден іргелерін, линолеумды ауыстыру), орган залына 27, 589 мың теңге (шатыр жабының жөндеуін үшін) бөлінді.

Бұдан басқа, 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде «Шабыт» ШҮ күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСК) әзірлеуге 2022 жылға 96,3 млн.теңге сомасында шығыстар қарастырылған. Алайда, РБ-ны 2022 жылға түзету кезінде Министрлік өтінімі бойынша осы шығыстар өнім берушінің ЖСК әзірлеу жөніндегі шарт талаптарын орындамауына байланысты азайтылды (РБК-ның 14.12.2022 жылғы №26 шешімі). Осылайша, «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің күрделі шығыстарына қарастырылған шығыстардың жүйелі түрде игерілмеуін атап өту қажет.

Мәселен, күрделі шығыстар РБ 2023 жылға нақтылау кезінде қайта өтінілді, алайда РБК 2023 жылғы 28 ақпандағы №5 шешімімен қолдау таппады.

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ қызметін қамтамасыз етуге 25 809,4 млн. теңге сомасында шығыстар қарастырылған, оның ішінде:

- 8 351,8 млн. теңге 2023 жылға;
- 8 504,2 млн. теңге 2024 жылға;
- 8 953,4 млн. теңге 2025 жылға.

2023 жылға арналған РБ нақтылау кезінде «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ 812,5 млн. теңге сомасында шығыстарды қолдады, оның ішінде 530,2 млн. теңге оқу ғимараттары мен жатақханаларында техникалық тексеруге және ағымдағы жөндеуге. Жеңіс даңғылы 33 мекенжайы бойынша орналасқан ағымдағы жөндеу жүргізуге: №2 корпусқа 18, 962 мың теңге, № 3 корпусқа 27, 979 мың теңге, орган залына 16, 296 мың теңге, сонымен қатар №2 және №3 корпусстарға техникалық тексеру жүргізуге 17, 279 мың теңге бөлінді. Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу процедуралары жүргізілуде.

Техникалық тексеру нәтижелері бойынша 2024 жылда №2 және №3 корпусстарды күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленетін болады, 2025 жылы күрделі жөндеу өткізу жоспарлануда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің үздіксіз қызметін жүзеге асыру бағытында, оның ішінде күрделі шығыстарға соңғы үш жылда тиісті бюджеттік қаражат бөлінгенін жеткіземіз.

Қосымша: анықталған бұзушылықтарды түзету жөніндегі іс-шаралар жоспары және қаражатты жұмсау жөніндегі есептіліктер.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

С. Құранбек



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 04.04.
Астана қаласы

№ 141-д
город Астана

**Еңбек демалысының
бөлігін беру туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 54-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, 2023 жылғы 4 қаңтардан бастап 2024 жылғы 3 қаңтар аралығындағы жұмыс кезеңі үшін сауықтыруға арналған екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, 2023 жылғы 17 шілдеден бастап 30 шілде аралығында 14 күнтізбелік күн мөлшерінде төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына шығамын, осыған орай, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Еңбек демалысы кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару вице-министр Сәрсен Абайұлы Құранбекке жүктеймін.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімі, өтініш.

Министр



А. Оралов

«КӨШІРМЕСІ ДҮРЫС»

001239